2024 жылға арналған ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы анықтама

2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Ережелерге сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі, директордың міндетін атқарушы – Абенов Д.С.
Жұмыс тобының мүшелері:

- Бас бухгалтер – Булькенева С.М.
- Кадр бөлімінің инспекторы – Каримова А.Ж.
- Заңгер – Мамыргазин К.Ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – талдау) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бұл бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада №14441 болып тіркелген.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды мына бағыттар бойынша жүргізді:

1. Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. «Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша

Сипаттамалық бөлім

1. **«Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша зерттелді:**

- ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК Жарғысы
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы
- Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңы
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы

- Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі»
- Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары

Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді талдау нәтижелері бойынша қызметкерлердің өз қалауы бойынша шешім қабылдауына, қызметті жүзеге асыру барысында кедергілер туғызуына, заңды мүдделерді сақтауға, құқықтық олқылықтарға, нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіруге мүмкіндік беретін және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға ықпал ететін ережелер анықталған жоқ.

2. «Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша.

2.1. Кадр жұмысына қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде қызметкерлердің басшылықпен аффилирленуі мен мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді.

2024 жылы КГКП «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясының» штаттық саны – 241,5 бірлік, бос орындар – 15 бірлік, жұмыстан шыққан – 36 қызметкер, қабылданған – 47 қызметкер.

2024 жылы 6 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды:

Е. Бокаевқа – 11.03.2024 ж.

С. Тунгатароваға – 21.05.2024 ж.

2024 жылы кезекші администратор М. Байжуменоваға, билет кассирі К. Утеповаға, билет бақылаушысы В. Феклистоваға, тігінші Г. Елубаеваға 29 ақпан 2024 ж. сөгіс жарияланды; қызметтік үй-жайларды жинаушы С. Тунгатароваға 21 мамыр 2024 ж. сөгіс жарияланды; Е. Бокаевқа 11 наурыз 2024 ж. лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін сөгіс жарияланды. Барлық тәртіптік жазалар алынды.

Талдау барысында өндірістік қажеттілікке байланысты Кәсіпорыннан ШҚО мәдениет басқармасына 2 қызметкер іссапарға жіберілгені анықталды.

Барлық еңбек шарттары жазбаша түрде жасалып, кейін «Электрондық еңбек биржасы» (enbek.kz) базасына енгізіледі. Бұл еңбек қатынастарының ашықтығын қамтамасыз етеді, еңбек құқықтарының сақталуын бақылауды күшейтеді, құжаттарды қолдан жасау тәуекелін болдырмайды және жұмысқа орналасу процесін жеделдетеді.

Жалақы қызметкерлердің карточкалық шоттарына аударылады. Шот-фактураларды жазып алу және алу электрондық форматта «Электрондық шот-фактуралар» порталы арқылы және қағаз түрінде жүзеге асырылады. Осылайша, кәсіпорындағы қаржы қозғалысының толық ашықтығы қамтамасыз етіледі.

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында жұмыс тобы бос лауазымдарға жақын туыстарды тікелей басшылыққа бағыныштылық жағдайында тағайындау фактілерін анықтаған

жоқ, сондай-ақ мүдделер қақтығысы мен қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері де анықталған жоқ.

2.3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету. Кәсіпорын қызметіне мемлекеттік қызметтерді көрсету кірмейді.

2.4. Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру. Талдау объектісінің қызметіне рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кірмейді.

2.5. Бақылау функцияларын жүзеге асыру. Талдау объектісінің қызметіне бақылау функцияларын жүзеге асыру кірмейді.

2.6. 2024 жылға арналған бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу. Қаржыландыру жоспарына сәйкес 1 220 464,2 мың теңге субсидия алынды, оның ішінде:
Кәсіпорынды ұстауға — 859 685,7 мың теңге;
Мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге — 325 067,5 мың теңге;
Гастрольдерге — 17 500,0 мың теңге;
Материалдық-техникалық базаны нығайтуға — 18 211,0 мың теңге.
Кәсіпорынды ұстауға жұмсалған қаражат — 859 367,6 мың теңге, оның ішінде:
Еңбек ақы және оған есептелген төлемдер — 744 191,0 мың теңге;
Көлік құралдары иелерін міндетті сақтандыру жарналары — 315,5 мың теңге;
Басқа тауарларды сатып алу — 9300,3 мың теңге;
Коммуналдық қызметтерді төлеу — 5 687,6 мың теңге;
Электр энергиясына төлем — 14 811,6 мың теңге;
Жылу үшін төлем — 27 125,5 мың теңге;
Байланыс қызметтеріне төлем — 597,7 мың теңге;
Басқа қызметтер мен жұмыстарға төлем — 15 248,0 мың теңге;
Басқа ағымдағы шығындар — 3 188,0 мың теңге;
Іссапар шығындары — 2 075,0 мың теңге;
Ағымдағы жөндеу жұмыстары мен негізгі құралдарды сатып алу — 36 827,4 мың теңге.
Мәдени-бұқаралық іс-шараларды (концерттер, фестивальдер, ақындар айтысы) өткізуге жұмсалған қаражат — 301 408,9 мың теңге.
Облыс және республика бойынша гастрольдік сапарларға жұмсалған қаражат — 17 500,0 мың теңге.

2.7. 2024 жылға арналған жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу. Мемлекеттік сатып алулар бойынша шарттар мемлекеттік сатып алу порталында жасалады. Ішкі талдау нәтижесінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң мен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелеріне сәйкес барлық жұмыс мемлекеттік сатып алу веб-порталы (goszakup.gov.kz) арқылы жүргізілетіні анықталды. Бұл мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын арттырады және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын арттыру мақсатында алдын ала біліктілік іріктеумен өткізілетін конкурс барысында

техникалық ерекшеліктерді алдын ала талқылау қолданылады. Бұл әлеуетті жеткізушілерге техникалық ерекшеліктер талаптарымен алдын ала танысуға және егер ескертулер болса, оларды тапсырыс берушіге жеткізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес веб-портал арқылы жасалды. 2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жалпы сомасы 329 398 961,82 теңгеге 256 шарт жасалды, оның ішінде:
Баға ұсыныстарын сұрату арқылы — 53 шарт, сомасы 33 136 495,15 теңге;
Сатып алу өткізілмеген жағдайда бір көзден — 26 шарт, сомасы 7 390 488,48 теңге;
Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы — 138 шарт, сомасы 264 367 303,05 теңге;
Конкурстың екінші кезеңінде рамалық келісім қолдану арқылы — 2 шарт, сомасы 1 445 406,4 теңге;
Ашық конкурс арқылы — 1 шарт, сомасы 6 698 500 теңге;
Электрондық дүкен арқылы — 36 шарт, сомасы 16 360 768,74 теңге.

Аффилирленген шарттар анықталған жоқ. Барлық шарттар «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң талаптарына сәйкес жасалды. Қысқа мерзімді шарттар орындалды, ұзақ мерзімді шарттар (ғимаратты күтіп-ұстау, коммуналдық қызметтер және басқа да қызметтер) орындалды.

2.8. Жеке және заңды тұлғалардың Кәсіпорынға жолдаған өтініштері.
2024 жылы Кәсіпорынға бірыңғай ақпараттық жүйе «E-Otinish» арқылы жеке тұлғалардан 8 жазбаша өтініш түсті, олар Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне» сәйкес қаралды. Барлық өтініштер құзыретіне сәйкес мерзімін бұзбай қаралды. Кәсіпорынға түскен барлық өтініштерге заңнамада белгіленген мерзімде жауап берілді. Өтініштерді қарау кезінде мерзімнің асып кетуі немесе ұзартылуы болған жоқ.

Осы кезеңде Кәсіпорын қызметіне қатысты азаматтардан шағымдар түскен жоқ. Кәсіпорынның ресми сайтында концерттік қызметті жүргізу бойынша ақпарат тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау фактілердің бар екендігін білдірмейді.

Антикоррупциялық мониторинг деректеріне сәйкес, талдау объектісінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылған жоқ.

2024 жылы Кәсіпорынның қызметі мен қызметкерлеріне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлық немесе заңсыз сипаттағы жарияланымдар болған жоқ.

Сот органдарында Кәсіпорынды мемлекеттік сатып алулардың адал емес қатысушысы ретінде тану туралы істер қаралған жоқ.

Бюджеттік қаражатты пайдалану қаржыландыруға сәйкес қатаң сақталады, бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне тұрақты бақылау жүргізіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен басқа да құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігі бойынша бақылау жүзеге асырылады. Бұл бақылау бюджет қаражатын жоспарлау, негізгі құралдардың сақталуы мен есептен шығарылуы, тауарлық-материалдық құндылықтар, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп пен есептілік жағдайы, пайдаланылатын алаңдардың белгіленген нормативтерін сақтау, штаттық сан бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі, сондай-ақ кәсіпорын қызметінде антикоррупциялық заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға шаралар қабылданады.

Жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағанын көрсетті.

Ұсынымдар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу үшін қызметкерлер арасында тұрақты моральдық ахуалды қалыптастыру мақсатында Этикалық кодексті қатаң сақтауды насихаттау бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізу қажет. Себебі мемлекеттік кәсіпорын қызметкерінің этика нормаларын сақтауы сыбайлас жемқорлықты жоюдың және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алудың негізгі шарттарының бірі болып табылады, сондай-ақ жалпы мәдениет қызметкерлерінің беделін арттыруға ықпал етеді.

Жұмыс тобының жетекшісі,
директордың міндетін атқарушы: **Абенов Д.С.**

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас бухгалтер Булькенева С.М.

Кадр бөлімі инспекторы Каримова А.Ж.

Заң кеңесшісі Мамыргазин К.Ж.